

**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті
Түркітану және тіл теориясы кафедрасының PhD докторанты Гүлден
Бақытқазықызы Тлегенованың «6D021300-Лингвистика» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындаған «Қазақ ономастикасының діни-мифологиялық кодын
зерттеу» атты диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Тілде ұлттың этникалық сипатын айғақтайтын кодтар аз емес. Солардың бірі – ұлттық код, халықты біріктіретін ұлттық идея. Қазіргі уақытта мәдениет пен рухани бірегейлікті сақтау мәселелері, тілге деген антропоэзектік көзқараспен лингвистикалық зерттеулер саласын кеңейту өзекті саналады. Осы мәселе төңірегінде зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі мифтік ұғымдардың мән-мағынасы айқындалып, киелі атауларға анықтама беріліп, мифтік-дінтанулық тұрғыдан талдау жасалынды.

Осы тұрғыдан алғанда, диссертант Гүлден Тлегенованың ұлттық кодты, діни-мифологиялық танымды, этнолингвистикалық ерекшеліктерді зерттеу жұмысының маңызы жоғары. Аталмыш диссертациялық жұмыс қазақ елінің іргелі құндылықтарының қатарындағы ерте дәуірден жеткен діни-мифологиялық танымына қатысты, оның ішінде ономастикалық атаулармен өрнектелген фразеологизм, тұрақты тіркестер мен паремиологиялық қордың, халық даналығы ұштасып жатқан аңыз-әңгіме, әпсаналардың этномәдени тұрғыдан зерттеуге арналған. Жалпы діни-мифтік таным тақырыбы өте күрделі болғандықтан, зерттеушіден жан-жақты біліктілік пен дайындықты қажет етеді: мифологиялық, теологиялық, Құрани дискурстан, тілдің паремиологиялық қорынан ақпарат, деректерді игергендігі анық.

Бұл диссертациялық жұмыс қазақ ономастикасындағы мифоним, теоним, агионим және басқа да сакралды атауларды өзара сабақтастырған және олардың ұлттық санада қалай орныққанын терең қарастырады.

Диссертант Г. Тлегенованың қазақ тіліндегі мифонимдер мен діни онимдерді теориялық тұрғыдан негіздеп, олардың ұлттық корпусқа енгізу тәсілдерін ұсынғандығын жұмыстың жаңалығы деп санауға болады. Сонымен қатар, зерттеуде қазақ мифологиясы, оның космологиялық, лингвомәдени, географиялық және этнографиялық аспектілері жүйеленіп, діни-мифтік кодтардың ұлттық ерекшеліктері жан-жақты талдап, саралайды.

Қазақ тіл білімінде ономастикалық атаулардың мифтік-діни сипатының ұлттық код тұрғысынан алғаш рет кешенді түрде қарастырылуы диссертацияның жаңалығын айқындай түседі. Өйткені мифологиялық кодтарда қазақ халқының өмірлік тәжірибесі мен білімі, дәстүрлі этникалық мәдениеті, наным-сенімі, ырым-тыйымдары, салт-дәстүрі, дүниетанымы, тілдік емес ақпараттар терең қатпарында жасырын тұр деуге болады. Бұған дейін қазақ тіл білімінде ономастикалық зерттеулер жеткілікті деңгейде

карастырылғанымен, мұндай сан қырлы аспектілі діни-мифологиялық кодпен байланысты терең зерделенген жұмыс жлқтың қасы деуге болады.

Зерттеудің маңыздылығына, жаңалығына тоқталар болсақ, күнделікті қолданыстағы тұрақты тіркестер, теңеулер мен фразеологизмдердегі жасырын, кодқа салынған ақпаратқа мән бере бермейміз. Мәселен, *айды аспанға бірақ шығарды, күн көрсетпеді, күнкөріс көзі, күні қарады* тіркестері лингвогенетикалық тұрғыдан Ай мен Күн космонимдерінен байланысты болғанымен, алғашқы денотаттан әлдеқашан қол үзіп, семантикасы басқаша жаңғырған. Олардың мәдени семантикасы кодқа салынған, жасырын болып келеді. Сол сияқты *түлен тұртті, ысырап, сұрапыл* т.б. тәрізді сөздердің де семантикасы кодталған, көпшілікке, әсіресе кейінгі ұрпаққа беймәлім. Қазақ халқының рухани, адамгершілік құндылықтары, ұлттық ерешеліктері мен стереотиптері атауларда өрнектелген ақпаратты нақты мысалдармен дәлелденген.

Г.Тлегенованың диссертациялық жұмысының да құндылығы осы тәрізді ономастикалық кодқа салынған көптеген мифонимдер мен теонимдерді жүйелеумен және оларға қатысты пайда болған тұрақты тіркестердің семантикасын айқындап, зерделеумен байланысты болып отыр.

Жұмыстың бірінші тарауында, ең алдымен, зерттеуге қажет тірек ұғымдарды «ұлттық код», «мәдени код», «ономастикалық код» т.б. ұғымдар мен терминдердің анықтамасы мен зерттеушілер пікіріне сүйене отырып, жазып шыққан. Ұлттық код – қазақ өркениетіне тән адами, моральдық-этикалық құндылықтардан, дәстүрлі дүниетанымынан өрілген халқымыздың барша руханиятындағы таным-түсінік жүйесі. Диссертант ономастикалық кодты соның құрамдас бөлшегі ретінде халықтық білімдер жүйесіне негізделген ұжымдық санадағы құнды ақпараттарпен сабақтастыра мысалдармен жүйелей білген, осы тірек ұғымдарға жан-жақты тоқталып, мәнін аша білген.

Зерттеу тақырыбы аса күрделі, өйткені дін мен миф бұлар жалпы ажырамас категория саналатындықтан, түркілік дәуірден бастау алатын ежелгі алғашқылық діни наным-сенім тәңіршілдік, көкке табынумен байланысты мифтік танымды ашуға тырысқан. Бұл тақырыптың өзектілігі, біріншіден, жаңа ғасырда халықтың дінге оралуынан байқалады; екіншіден, қазақ халқының мәдениетіне ислам дүниетанымы ғана емес, халықтың салт-дәстүрлері, діни әдет-ғұрыптары, мәдени көзқарастары да енеді. Сол үшін қазақ тіл білімі үшін діни-мифологиялық код тақырыбы өте өзекті. Орта ғасырлардағы ежелгі түркі қазақ даласына ислам дінінің енуі нәтижесінде мифтік наным-сеніммен ғажайып симбиоз құрып, «киелі», «қасиетті», «сакралды» ұғымдарымен тығыз байланысты, кешенді діни-мифтік феномен тудырды.

Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты өте ауқымды көлемде тілдік дерекқор жинап, шетелдік, отандық ғылыми еңбектерді орынды, орнымен пайдалана білген. Зерттеу қазақ ономастикасындағы діни-мифологиялық кодтардың маңызын тереңірек ашып көрсететін маңызды ғылыми еңбек болып табылады.

Зерттеуде ономастикалық атаулардың мифтік-діни кодтарының ғылыми-тілтанымдық интерпретациясы рухани-этикалық құндылықтар, халықтық экологиялық таным арқылы дәстүрлі түсініктер жүйелі түрде талданған. Өз кезегінде бұл қазақстандық өскелең ұрпақтың, мемлекеттік тілді үйренуші тұлғалардың қызығушылығын тудыруы тиіс. Зерттеудің теориялық және практикалық құндылығы жоғары, қазақ тіл білімі, мәдениеттану және ономастика ғылымдарының дамуына өз үлесін қосатын, зерттеу нәтижелері қазақ ономастикасының дамуына өзіндік үлесін қосатын еңбек болмақ.

Жұмыс кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір бөлім тараушаларға жіктелген. Диссертацияның құрылымы логикалық тұрғыдан үйлесімді, тарау тақырыбы бірінен кейін екінші тақырыпқа мазмұндық логикалық жағынан ұласады. Әр тараудың соңында ғылыми тұжырымдар берілген. Сондықтан диссертант логикалық тұрғыдан 2-тарауда онимдерді мифтік таным аясында қарастырса, 3-тарауда таза діни сипаттағы ономастикалық бірліктерді, ал 4-тарауда діни-мифологиялық бірлестікте қарастырып, практикалық тұрғыдан ұлттық корпусқа енгізу тәсілдерін дәйектеген. Диссертанттың ғылыми аппараты түсінікті, нақты ұғымдарға негізделген.

Қорытындылай келгенде, диссертант Г.Б.Тлегенованың диссертациялық жұмысы толық аяқталған, мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмыс талабына сай орындалған, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға лайықты жұмыс деп санаймын.

Отандық ғылыми жетекші:

А.Байтұрсынов атындағы

Тіл білімі институтының

бас ғылыми қызметкері,

ф.ғ.д., доцент



[Handwritten signature]

Қ.Қ.Рысберген

(аты-жөні)		
қолын куәландырамын		
«А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару,		
құжаттамамен қамтамасыз ету және		
бақылау бөлімі		
« 10 »	06	2015 ж.

[Handwritten signature]